

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№19 (464) 31 желтоқсан 2018 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ - БАСТЫ НАЗАРДА!

Университетімізде биылғы оқу жылында магистратура, докторантура, резидентура контингенті 30%-ға арттырылды. Отандық озық ғылыми зерттеу орталықтары мен институттарымен (ҚР БҒМ Ұлттық Биотехнология орталығы, ҚР БҒМ Ақпараттық технология және есептеу технологиясы институты, ҚР БҒМ Тарих және этнология институты және т.б.) меморандумдар және келісімдер түзілген болатын.

2 бетте

### ЖЕМІСТІ ҒЫЛЫМДЫҚ

Аталмыш келісімнің негізінде Түркістан облысының экономикасын көтеру және университетіміздің студенттерін кәсіпкерлікке баулу мәселесі қозғалды. Келіссөздер нәтижесінде форумдар мен конференциялар өткізілетін болады.

2 бетте

### ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Аударма орталығының қызметкері Несібелі Иманқұлова бас жүлдені қанжығасына байлап қайтты. Өріптесімізді жеңісімен құттықтап, еңбегіне шығармашылық сәттіліктер тілейміз!

2 бетте

### ТӘУ ЕТЕРІМІЗ - ТҮРКІСТАН

Түркі әлемінің ақсақалы соңғы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Түркістан туралы айтып өткен. Қазақстан мен түркі әлемі үшін бағдар болып саналатын бұл мақаласында тек қазақ халқы үшін ғана емес, сондай-ақ түркі әлемінің рухани астанасы Түркістанның халықаралық аренада беделін арттыру қажеттілігіне тоқталды. Сонымен қатар, 2019 жылы Түркістанда түркі халықтарының мәдениет күндерінің ұйымдастыратындығы көңіл қуантып отыр. Бұл маңызы зор мақаланың «Түркі әлемінің бесігі» атты 5 бөлімінде рухани көшбасшы Қожа Ахмет Ясауи мен Түркістан қаласының маңыздылығына айрықша мән берілген.

3 бетте

## ЖАСЫЛ УНИВЕРСИТЕТТЕР ҚАТАРЫНДА

«Гринметрик» (UI GreenMetric World University Ranking) - университеттердің экологиялық инфрақұрылымын бағалайтын жалғыз рейтинг.

2018 жылы 19 желтоқсанда Джакарта қаласында қорытындыланған бұл рейтингте әлемдік 719 университеттер қатарынан (АҚШ, Жапония, Италия, Жаңа Зеландия, Ресей, Түркия және т.б.) оқу орнымыз 499-шы орынды иеленді.

Рейтингте назарға алынған критерийлер және Ахмет Ясауи университетінің көрсеткіштері:

1. ЖОО инфрақұрылымы және қоршаған орта (24 %) Setting and Infrastructure (SI) (543-орын);
2. Энергияны тиімді пайдалану және климатты өзгертуге ықпал ету (21 %) Energy and Climate Change (EC) (179-орын);
3. Қалдықтарды өңдеу (15 %) Waste (WS). (582-орын);
4. Су ресурстарын тиімді пайдалану (10%) Water (WR) (545-орын);
5. Транспорттық саясат (21%)Transportation (TR) (396-орын);
6. Экологиялық білім беру (9 %) Education (ED) (466-орын).

Стратегиялық жоспарлау,  
рейтинг және сапа орталығы



# 2019

Жаңа жыл жаңа табыстарға  
жетелесін!

*Құрметті оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер!  
Қымбатты студенттер!*

*Сіздерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!*

Өткен жыл еліміз үшін өте берекелі жыл болды деп айта аламыз. Шабалдырықтан аптағалы отырған Доңыз жылы еліміз үшін үлкен жетістіктерге толы жыл болады деп ойлаймын. Жаңа жыл — қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен ашар армандар ұялатамын, нағайып қиялдарға қал саздыратын ең сүйікті мерекеміз. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды. Жаңа жыл табалдырығын жақсы көңіл-күймен аттайық. Біз алдымызға үлкен жоспарлар қойдық. Осы жылда біре қызмет етеміз деген сенімдеміз. Жаңа жыл — жаңа үміттер мен жаңа жоспарларға толы болсын! Сіздерге талай жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Бұл жылы жақсы өзгерістер, қуанышты сәттер көп болсын. Жаңа жылда алға қойған барлық мақсаттарымыз орындалсын! Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер, жақсы кездесулер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдер жылы болсын!

Жаңа жыл — жаңа үміттер мен жаңа жоспарлар. Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық және мол жақсылықтар әкелсін.

Университет президенті **Б.С.Абдрасилов**



## ЖАСЫЛ ШЫРША ЖАНЫНДА

Жуырда жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша университет оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің балаларына арналған шырша мерекесі өткізілді. Университет кәсіподақ комитеті тарапынан балаларға базарлық ретінде сый-сияпат үлестірілді. Түркістан сазды-драма театры биыл да кішкентай көрермендерге үлкен қуаныш сыйлады. Кішкентайларын жаңа жылдық үлгіде киіндіріп, мерекеге арнайы дайындаған ата-аналар келесі кезекте балалармен бірге жаңа жылдық қойылымды көруге бет алды. Өнерпаздар оларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, түрлі ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне енді. Жаңа жылдық үлгіде құрастырылған бұл сценарийдің ішінде жағымды мультфильм кейіпкерлерімен қатар, жағымсыз кейіпкерлер де кештің көркі қыздыра түсті. Қойылым барысында да қуыршақтар көрермендермен ойын ойнап, балалардың көңілінен шығып жатты. Қызықты көріністің куәсі болған ата-аналар да, олардың бүлдіршіндері де дән риза. Үлкен экраннан көрсетілген мультфильмдер балалардың көңілінен шықты. Балалар фойедегі үлкен шыршаны тамашалап, Аяз атамен, Қарша қызбен, «жыл мезгілі жануарларымен» суретке түсіп, маз-мәйрам болысты. Жүзіне күлкі үйірілген балапандардың қуаныштан жүздері бал-бұл жанды.

ЯУ-ақпарат



## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

### ОҚУ ОРНЫМЫЗ СЕРТИФИКАТТАЛДЫ

Жуырда университетімізде IQNet Халықаралық сертификаттар жүйесінің партнеры — Түркия стандарттар институты (ТСИ, Анкара) тарапынан сыртқы сертификаттау аудиті өткізілген болатын. Осы іс-шара нәтижелері бойынша оқу орнымызға 3 жыл мерзімге Халықаралық ISO 9001:2015 стандарты бойынша сертификат табысталды.



### УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ РЕЙТИНГІ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Европалық ғылыми-техникалық палатаның (Academic Ranking of World Universities-European Standard — ARES) рейтингіне қатысушылар саны жылдан-жылға үнемі артып келеді. Бұл рейтингке Білім сапасын қамтамасыз ету Европалық ассоциациясы қабылдаған университеттік білім берудегі европалық стандарттың, еврокомиссия мақұлдаған европалық регистрдің жаңа шарттары ендірілген.

Рейтингтің ерекшелігі — мәліметтерді өңдеуде адам факторының әсері жоқ, яғни жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы автоматты режимде жүзеге асады және рейтинг нәтижелері Европалық сайттан басқа білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік, жеке ұйымдар мен компанияларға, түрлі мемлекеттердің министрліктері мен ведомстволарына жіберіледі.

Университетіміз 2017 жылы бұл рейтингте қазақстандағы 95 жоғарғы білім беру ұйымдарының арасынан 41-орында болса, биылғы рейтингте 96 оқу орны арасынан 11-орынға көтерілген. Бұл жетістіктерге соңғы кезеңдердегі білім беру қызметін жетілдіру және әр тарапандыру, жоғары мектеп ашу, дуальды білім беру жүйесін құру, басқа мекеме-ұйымдармен өзара әрекетті күшейту, технологияларды коммерцияландыру кеңсесін құру, өнімді коммерцияландыру жобаларын іске қосу, Smart технологияларды ендіру сияқты қадамдардың оң әсері болғандығы сөзсіз.

### ЖЕМІСТІ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Таяуда университетіміздің президенті Болатбек Серікбайұлы мен Түркістан облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Олжас Есалханұлы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Аталмыш келісімнің негізінде Түркістан облысының экономика-сының көтеру және университетіміздің студенттерін кәсіпкерлікке баулу мәселесі қозғалды. Келіссөздер нәтижесінде форумдар мен конференциялар өткізілетін болады. Алдағы уақытта студенттеріміз «Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен байланысып еркін түрде білімдерін жетілдірмек. Білімгерлер осы меморандум аясында қосымша кәсіпкерлікке де бейімделіп шығады деген сенімдеміз.

### МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫҒА САЛЫНДЫ



Университетімізде сенат отырысы өтті. Жиналысқа сенат мүшелері мен факультет декандары, бөлім басшылары қатысты. 2018 жылы атқарылған ауқымды жұмыстар талқыға салынды. Жиын алдында ректор мерейтой иелері мен жетістікке қол жеткізген оқытушы-профессорларды арнайы марапаттады.

Мәжілісте 2018 жылғы университеттің материалды-техникалық, қаржылық-шаруашылық қызметтерінің қорытындысы жасалды. Бұл жөнінде әкімшілік-шаруашылық істері жөніндегі вице-президент Нұрлан Батырбаев есеп берді. Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі Әміреқұл Абуов тәрбие және мәдени шаралардың ұйымдастырылу деңгейі туралы айтып өтті. Жыл бойы атқарылған жұмыстар сараланды. Оң баға берілді. Мәжіліс барысында университет ректоры алдағы уақытта да күш-жігерді аямай қарқынды түрде жұмыс жасау қажеттігін айтты. Студенттердің білім сапасының деңгейін көтеру үшін университет президенті алдағы уақытта оқытушыларды бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

ЯУ-ақпарат

### «ТҮРКІСТАН ЖАСТАРЫ» ПРЕМИЯСЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ!

Ел Тәуелсіздігінің 27 жылдығына орай Түркістан облысы әкімінің «Түркістан жастары» премиясына байқау жариялаған болатын. Байқау қорытындысы бойынша оқу ордамыздың білімгерлері «Үздік жас кәсіпкер» номинациясы бойынша – Ұлдана Байдалы; «Үздік жас ғалым» номинациясы бойынша – Шамсутдин Қанатұлы; ЖОО «Үздік студенті» номинациясы бойынша — Ботакөз Унбаева жеңіске жетті.

Сайыс нәтижесінде түрлі сала бойынша үміткерлер аудан, қалалардан ұсынылып, арнайы комиссия тобымен іріктеліп, кезек-кезеңнен өткізіліп, соңында дауыс беру қорытындысымен анықталды. Елдің саяси және қоғамдық өміріне белсене араласып, облыс көлемінде мемлекеттік жастар саясатының дамуына үлес қосқан өрендердің бағы жанды. Түрлі салада өзінің білімімен, талантымен, белсенділігімен топжарған жеткіншектер іріктеліп, марапатталды. Биыл алғаш рет ұйымдастырылған шараға 27 аталым бойынша 145 үміткер өтінім берген. Сөйтіп, бірінші іріктеуден 65 үміткер іріктеліп өтіп, екінші кезеңде бақ сынады. Облыстық отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқарма мұрындық болған шараның негізгі мақсаты жастарды ғылым білімге



ынталандырып үздіктерін анықтау. Бұл байқау — жастардың шығармашылық ізденістеріне, қоғамдық бастамаларына және тұлғалық қалыптасуына кеңінен мүмкіндік ашады.

ЯУ-ақпарат

### ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ - БАСТЫ НАЗАРДА!

Жуырда университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов «Оңтүстік өңірдегі ғылымның дамуы» тақырыбында баспасөз брифингін өткізді. Маңызды басқосуға өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары қатысып, ғылыми әлеуетті дамыту бағытындағы жұмыстармен танысты.



Атап айтқанда, университетімізде биылғы оқу жылында магистратура, докторантура, резидентура контингенті 30%-ға арттырылды. Отандық озық ғылыми зерттеу орталықтары мен институттарымен (ҚР БҒМ Ұлттық Биотехнология орталығы, ҚР БҒМ Ақпараттық технология және есептеу технологиясы институты, ҚР БҒМ Тарих және этнология институты және т.б.) меморандумдар және келісімдер түзілген болатын.

Сондай-ақ университетімізде Инновациялық инфрақұрылымның негізгі құраушысы болып табылатын Технологияларды коммерцияландыру офисі құрылды. Кентау трансформатор зауыты мен Энергетика, ақпараттық технология және кибер қауіпсіздік салалары бойынша ортақ технопарк құру мәселесінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл бағытта қазіргі уақытта орналасу жері белгіленіп, жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Және де университет ғылымдарының ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесін коммерцияландыру бойынша ғылым қорының 3 жылдық мерзімге арналған жалпы құны 745 млн., тенгені құрайтын 4 грантын жеңіп алуы өңір үшін сенсациялық

құбылыс деп айта аламыз.

Сонымен қатар, университетіміздің 2 жас ғалымының халықаралық ірі компания болып табылатын Scopus (ELSEVIER) тарапынан ұйымдастырылған Орталық Азия үшін Scopus Award-2018 байқауында «Best Researcher in Humanities» номинациясында жеңімпаз атануы ерекше атап өтерлік жайт.

Бұған қоса, «Bilig» ғылыми журналының Clarivate Analytics (Tomson Reuters) және Scopus секілді алдыңғы қатарлы әлемдік ғылыми мәліметтер қорында индекстелуі, ХҚТУ хабаршысы журналының ҚР БҒМ тарапынан ұсынылған журналдар тізіміне енгізілуі айтарлықтай жетістік болып табылады.

Осы және өзге де дүниелермен таныстырған университет ректорына журналистер сұрақ жолдап тұщымды жауаптар алды. Онда қазіргі Түркістан қаласының экологиялық жағдайы да назардан тыс қалмады. Сондай-ақ музейлермен байланыстың артатындығын мәлімдеген оқу орда басшысына журналистер қауымы ерекше ықылас білдірді.

### ЖҰАДЕМЕН ОРАЛДЫ

Түркістан облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» бағдарламасы аясында өткен «Таңғажайып Түркістан» байқауы өз мәресіне жетті.

Байқаудың мақсаты — Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру және туған жердің туристік әлеуетін көтеріп, тарихын насихаттау.

Естеріңізге сала кетсек, байқауға қатысушылар фейсбук әлеуметтік желісінде Түркістан облысынан «Қазақстанның киелі жерлер географиясына» енген 24 нысан жайында, яғни қатысушылардың арнайы нысан басына барып, нысанның тарихын баяндаушымен сұхбаттасып, киелі өңірдің құпиясы мен тарихынан толыққанды ақпарат беруі қажет болатын. Жеңімпаздар комиссия құрамының шешімімен анықталды. 3 айға созылған байқау барысында журналистік ізденімпаздығымен, үздік көркемделген постымен ерекшеленген университетіміздің Аударма орталығының қызметкері Несібелі Иманқұлова бас

жүлдені қанжығасына байлап қайтты! Өріптесімізді жеңісімен құттықтап, еңбегіне шығармашылық табыс тілейміз!



# ТӘУ ЕТЕРІМІЗ-ТҮРКІСТАН

Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің Тәңірі берген несібі ғой, – деп Мағжан Жұмабаев



жырлағандай, Түркістан дегенімізде түркі халықтарының Отаны, тамыры тереңде жатқан көне Яссы, бүгінгі киелі Түркістан еске түсетіні сөзсіз. Ислам мәдениетінің ең маңызды өкілі Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген және кесенесі орналасқан қасиетті Түркістан бізге Анадолы мен Балқан елдерінің рухани тәлімгерлері Юнус Эмре мен Мәулананың ілімі мен шығармашылығы арқылы жақсы таныс. Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі қалаға дәстүрлі түркілік рух береді. Біз – Түріктер Анадолы топырақтарында селжук мемлекетін құру барысында Түркістандық ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің баға жетпес исламдық өркениет қағидаларын ұстандық. Селжук мемлекеті әр түрлі діндер мен мәдениеттерден құралған, алты ғасыр бойы тарих сахнасындағы ең үлкен мемлекет болды. Таяу Шығыстағы, Балқан елдеріндегі және Солтүстік Африкадағы шәкірттері Ясауи жолын ұстана отырып, осы мемлекеттің негізін қалады. Түркістан тек ежелгі қала ғана емес, қазақ елінің басынан өткен ірі тарихи оқиғалардың күегері, күллі түркі әлеміне ортақ терең тарихының символы. Қазақ тарихының барлық

хандарының, батырларының Түркістанмен жолдары қиысқан. Бұл тарихи тұлғалардың есімдері кесененің қабырғасында да жазылған. Көптеген өркениеттердің тарихында үлкен қалалармен қатар, қасиетті мекендер болған. Дамаск, Бағдат, Каир және Ыстанбұл сияқты қалалар ислам мәдениетінің тарихы мен мәдениетінің бас қалалары болса, Мекке, Медина және Иерусалим киелі мекен мәртебесіне ие. Бұл қасиетті қалалар бас қалаларға қарағанда көлемі жағынан кішірек болғанымен, рухани жағынан алдыңғы қатарлы қалалар болып саналады. Дәл осылай қазақ елінің тарихын алып қарағанымызда, Түркістан қаласы, Астана, Алматы, Шымкент сияқты үлкен болмағанымен, Ахмет Ясауи ғұламаның ізі қалған Түркістан – Қазақстан және бүкіл түркі әлемі үшін рухани жағынан қайталанбас қасиетті қала. Тарихи кезеңдерде мұсылман қазақтар түрлі қиындыққа тап болғанда, Ахмет Ясауи кесенесінен медет іздеген, оның іліміне сүйенген. Аса маңызды жайт, бүгінгі таңда батыс тілдеріндегі радикалдық немесе фундаментальдық тұжырымдамаларға қарсы антидот болып табылатын, исламның сопылық мәдениеті ислам әлемінің солтүстік және түркі аймақтарында тарағандығы. Қаланың кемінде 1500 жылдық тарихы бар. XII ғасырда Қожа Ахмет Ясауи және өмірден өткеннен кейін салынған кесенесі қаланың рухани орталыққа айналуына себепші болды. Тарих беттеріне үңілетін болсақ, сыртқы күштер қазақ жеріне ғасырлар бойы христиандық және будизм сияқты діндерді үгіттеп енгізу насихаттарын жүргізген, олардың бұл мақсаттарын жүзеге асыра алмауының басты себебі, Түркістан мен Ахмет Ясауидің құдіреттілігі еді. Бұл кесененің құрылысында XIV ғасырдың соңында Ұлы даланы жаулап алушы Әмір Темірдің рөлі ерекше. Ортағасырда Түркістан Жібек жолының бойында орналасқан маңызды сауда орталығына айналды. Әрі діни, әрі сауда орталығы болғандықтан, әрдайым сыртқы күштердің назарында еді, сол себепті жиі-жиі шабуылдар жасалатын. Ясы қаласының тарихы туралы негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауиден артық айту мүмкін емес. XI ғасырдың соңымен XII ғасырдың бас кезеңдерінде Исфиджабта (Сайрам) туған Ахмет Ясауи Түркістанға өзінен кейін өшпес рух, ұмытылмас мұра қалдырды. Өмірден өткеннен кейін де Түркістанда, қазақ жеріндегі дәстүрлі ағымы Анадолыдан Балқан елдеріне, Үндістаннан Солтүстік Африкаға дейін тарайды. Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері ғұламаның өсиеттерін бүгінгі күнге дейін дәріптеп келеді. Ұзақ жылдар бойы

орын алған басқыншылық кезеңінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның хикметтері халықты өз рухынан алшақтатпаған. Қожа Ахмет Ясауидің танымал «Диуан-и Хикмет» шығармасы мен Түркістанда орналасқан кесенесі бұл рухты бүгінгі күнге дейін жандандырып келеді. Бұл рух әлемнің төрт бөлігінен мұсылмандарды киелі жерге тоғыстырып отыр. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан және түркі әлемінің дамуына тың серпіліс әкеліп, Кеңес Одағының ыдырауынан кейін 1991 жылы заманауи Түркістан мемлекеттік университетін ашты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл оқу ордасы Түркия мен Қазақстан арасындағы бауырластықты нығайтудың символы ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта қалыптастырылды. Бұл шешім бүкіл түркі әлемінің мақтанышы мен алтын арқауына айналды. 1990 жылдары 20 мың халық тұратын бұл қала қазіргі таңда тұрғындары 100 мыңнан асқан облыс орталығына айналып отыр. Түркістан – 2017 жылы «Түркі әлемінің бас қаласы» атанды. Ал 2018 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен облыс орталығына айналып, өңірде жаңа бір серпіліс болып жатқаны айқын байқалады. Н.Назарбаевтың Түркістан қаласына ресми сапарында Бас жоспары таныстырылып, жаңа саябақтар, заманауи әуежай, әкімшілік ғимараттары, мұражайлар, мектептер, қонақ үйлер, бизнес және сауда орталықтарының іргетасы қаланды. Нұрсұлтан Назарбаевтың отызға жуық жыл бұрын көздеген Түркістан жоспарларын біртіндеп жүзеге асырып келеді. Түркі әлемінің ақсақалы соңғы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Түркістан туралы айтып өткен. Қазақстан мен түркі әлемі үшін бағдар болып саналатын бұл мақаласында тек қазақ халқы үшін ғана емес, сондай-ақ түркі әлемінің рухани астанасы Түркістанның халықаралық аренада беделін арттыру қажеттілігіне тоқталды. Сонымен қатар, 2019 жылы Түркістанда түркі халықтарының мәдениет күндерінің ұйымдастыратындығы көңіл қуанытып отыр. Бұл маңызы зор мақаланың «Түркі әлемінің бесігі» атты 5 бөлімінде рухани көшбасшы Қожа Ахмет Ясауи мен Түркістан қаласының маңыздылығына айрықша мән берілген. Мәртебелі Назарбаевтың 1991 жылдан бергі Түркістан қаласына байланысты барлық шешімдеріне қарап, келешекте бұл қаланың Астана сияқты қарқынды дамыған Түркі әлемінің рухани бас қаласы боларына сеніміміз мол!

**Женгиз ТОМАР,**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор-өкілі, профессор, доктор  
aikyn.kz/

## ИНТЕРАКТИВНАЯ НАУЧНО-ИСТОРИЧЕСКАЯ КАРТА «НАРОД КАЗАХСТАНА»

В рамках реализации поручения Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, данного им на XXV сессии Ассамблеи народа Казахстана 26 апреля 2017 года, Институтом истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова совместно с Институтом информационных и вычислительных технологий и Институтом географии КН МОН РК в конце 2017 года была разработана интерактивная научная историческая карта «Народ Казахстана», которая призвана показать процесс консолидации всех этносов на древней казахской земле с учетом особой государствообразующей миссии казахской нации.

1 марта 2018 года, карта была презентована Главе Государства, членам Ассамблеи народа Казахстана. Тем не менее, работа над проектом продолжается, основной задачей остается концептуальное наполнение содержания интерактивной карты «Народ Казахстана» в рамках пропаганды казахстанской модели межэтнического мира и согласия. Эти задачи продолжают быть актуальными в рамках перспектив укрепления Казахстанской модели межэтнического мира и согласия.

Подтверждением актуальности является статья Главы государства Н.А. Назарбаева озвученная 23 ноября 2018 г. Основным посылом статьи «Семь граней Великой Степи» стала идея расширения горизонтов понимания собственной национальной истории. Для этого необходимо отказаться от устаревших подходов к изучению истории и взглянуть на прошлое своего народа не через

призму локально значимых событий, а как на неотъемлемую часть общемирового развития, что уже начато в интерактивной карте, охватывающая период с древности до сегодняшних дней.

Введены в научный оборот текстов карты новые исторические данные и постепенно расширяются научные знания о процессах, происходивших в различные периоды на территории Великой Степи, которые позволяют пересмотреть существующие клише, в категориях которых принято объяснять историю Казахстана.

Интерактивная научная историческая карта «Народ Казахстана» - это не просто фактологический важный инструмент понимания истории, но и яркий пример обоснования процесса консолидации всех этносов на древней казахской земле с учетом особой государствообразующей миссии казахской нации. Эти идеи заложены как в статье Президен-

та, так и в программе «Рухани жаңғыру», и является органичной частью процесса модернизации общественного сознания.

Карта обеспечивает максимальный уровень доступности знаний об истории нашей страны и ее жителей, что достигается за счет использования цифровых технологий.

«Приобщенность к национальной истории формирует чувство единства своих истоков у всех казахстанцев», - отмечает Глава государства. Работа по наполнению карты продолжается и Комитетом науки МОН РК была инициирована научная командировка сотрудников Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова по густонаселенному и полиэтничному Южному региону, в частности в городе Туркестан, Шымкент и Тараз.

В городе Туркестан участвовали во встрече с представителями НКЦ, коллективом Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясауи и общественностью, организованной отделом внутренней политики и отделом молодежи, где была презентована интерактивная историческая карта «Народ Казахстана».

После встречи, были обсуждены мнения представителей НКЦ по наполнению информацией разделов карты. Главная мысль, прозвучавшая в обсуждениях, карта нужна, сделана с научной точки и все материалы показаны в доступной форме, все представители НКЦ остались довольны полнотой исторической информацией о своей истории и проживании в Казахстане. Ученые активно обсудили работу коллег нашего



Института по разработке карты, отмечена актуальность появления карты, необходимость ее в консолидации нашего общества контексте возрождения духовных ценностей всех казахстанцев «Рухани Жаңғыру». Особо значимым для ППС был показ карты с древнейших времен, так как студенты изучают в университете современную историю Казахстана, материал по периоду древности, образованию Казахского ханства, голоду 20-30 гг. XX века - очень для всех актуален.

Кроме того, были изучены документы по истории расселения этносов, отложившиеся в Кентауском региональном государственном архиве. В Ф.35. Оп.1. ов.2. Д.19. «Документы по переписи колхозников, эвакуированных в Кировский район. Списки депортированных поляков из разных мест СССР в Туркестанский район 1938-1941 гг.»

Нужно отметить, что в регион были переселены большое количество поляков. В сборнике «Поляки в Казахстане. История и современность», изданном в 1996 году Вроцлавским университетом, Центром исследований Востока, Высшей духовной семинарией Сальваторианов и Ассоциацией «Вспульнота Польска» под на-

учной редакцией Станислава Цесельски и Антони Куниньски, отмечено, что «со второй половины 30-х годов в Казахстане оказались свыше 14 тысяч немецких и польских семей из Украины из областей, прилегающих к Польше, несколько тысяч финнов из Ленинградского округа, несколько тысяч курдов, иранцев согласно Постановления бюро Южно-Казахстанского обкома КП(б) Казахстана и исполкома облсовета «О состоянии трудового устройства польских граждан». Польский исследователь Януш Кобрынь побывал в Кентау, Ачисае и изучил историю поляков в регионе. На основе материалов архивов и воспоминаний жителей города Кентау, Туркестана, Шымкента и др., опубликовал в 2017 году четырехтомник «Воспоминания и поляках Казахстана». Есть также большой пласт неисследованного материала о истории этносов, который необходимо переработать и ввести в научный оборот в рамках наполнения интерактивной научной исторической карты «Народ Казахстана».

**Уалтаева А.С.**  
ВНС Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова, академик МАИИ, к.и.н., ас.профессор



## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ

## АҚЫНЖАНДЫ АРҚАЛЫҚ



Жақында Қарағанды қаласында өткен Қасым Аманжоловтың 150 жылдығына арналған «Дүниеге келер әлі талай Қасым» атты республикалық мүшайрада оқу ордамыздың Филология факультеті, қазақ тілі және әдебиеті мамандығының 2-курс студенті Арқалық Әмелиятұлы 3-ші орынды иеленді.

— Арқалық, жақында республикалық мүшайрада

жеңіспен оралдыңыз, шын жүректен құттықтаймыз! Алдымен өзіңіз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз?

— Мен 1998 жылы 10-наурызда ҚХР, Богда баурайындағы Санжы қаласында дүниеге келдім. «Атажұрт» деген олимпиаданы жеңіп, қазір Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша 2-курста білім алып жатырмын.

— Осындай мүшайралар мен сайыстарға қай жылдан бастап қатыса бастадыңыз?

— 2016 жылдан бастап қолымнан қаламым түскен жоқ. Біреулер үшін аз уақыт болса да мен үшін біршама жетістіктерге жетудің бастамасы болды. Осы жылғы еңбектерім - «Дүниеге келер әлі талай Қасым» атты республикалық мүшайрада 3-орын, Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының 50 жылдығына өткен «Жырлаймын сені, Жаңаөзен» атты мүшайрадан арнайы жүлдені иелендім.

Сайгүлікті көк сабын боп иленіп,  
Орқаш өлке, өлең сенбес күйге еніп,  
Қызылсайдан іңір асып барады  
Күнсұлудың бұрымына сүйреліп!

Шөл далада шыр-шыр ұшып құс-үміт,  
Күрең белдер күрең қабақ ұсынып,  
Керуен-ғұмыр ақшам мұңын жұтады  
Жаңаөзенге тоғанағын түсіріп.

Керім кештің керімсал бір сәніне,  
Байғыз үні қосылады әрі де...  
Қара түнмен қайғы биен билейді-ай  
Табылдыңың өніне!

— Өлең жазарда шабытты қайдан аласыз?

— Ешқайдан, нағыз өлең 5-10 минутта тегіліп түседі. Қайдан келгені, қайдан түскені беймәлім. Бәлкім Тәңірден! Шабыт қойшының таяғы секілді, қамшыласаң жүреді, басқа уақытты қойқоңыр. Ал қамшы ол – ізденіс.

— Шығармашылық иесі – ізденістің төл баласы. Коммерцияға жаттыққан қағаз бетінен қандай шығармалар оқығыңыз келеді? Кімдерді оқисыз?

— Көп уақытымды кітап оқуға жұмсаймын. Кейбір сабақтарға кітап оқу үшін ғана барамын. Еркін болғым келеді. Солай ету керек, былай ету керек деген ережелер ұнамайды. Не оқығым келсе соны, кімді оқығым

келсе соны оқимын. Жаман жазушы болмайды, нашар шығарма болады. Бір жазушының сол нашар шығармасын тапқанша оқу керек деген пікірдемін.

— Ұлы Абай, Мұқағали сынды ақындарымыздың кезіндегі поэзия мен қазіргі поэзияны салыстыруға бола ма, сол ақындардың ізін жалғастырушылар бар ма? Қазіргі жас ақындарға көңіліңіз тола ма?

— Абай, бері қарай Мұқағали дәуіріндегі поэзия тағдырлы поэзия болды. Ал қазіргі поэзия жасанды поэзия деп айтқым келеді. Тағдыр деп жүргеніміздің өзі жасанды тағдыр. Бұлай ойламаған адам әрине салыстыра алады. Тіпті өзін олардан артық қою да мүмкін. Бейбітшілік, тыныштық орнаған жерде шынайы поэзия болмақ емес. Ізін жалғау дегенді де мойындағым келмейді, болса ол – еліктеу... Осыдан кейін көңілім толады деп айтудан ұяламын.

— Білесіз, қазіргі жастар ұйқасыз өлең шығарып, «Мен-ақынмын» деп жатады, нақтырақ айтқанда ерікті ұйқасқа деген өзіңіздің сын-пікіріңіз қандай?

— Өлең деген бөлек ұғым. Ұйқасыз өлең, ұйқасты өлең деген болмайды. Өлеңнің бәрінде мағына, ой болады. Бастысы сол ойдың ұйқастығы маңызды деп ойлаймын. Ал ұйқасыз өлең дегеннен шығады, қазір қазақ әдебиетінде ақ өлең деген дәстүр жүз беріп келеді. Немесе ұйқасыз өлең. Оған Алматыдағы "Солақай" жігіттер көп еңбек етіп жүр. Маған ақ өлең жанры тым бөтен емес. Өйткені Қытай поэзиясында ол баяғыда жететін жеріне жетіп үлгерген. Өлең еркіндік десек, оны ұйқасқа бағындырып, бұын заңдылығына матаудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Ал сіздің айтып отырғаныңыз ол әдебиеттің алғашқы адымында жүргендер болар.

— Махаббат лирикасына қаншалықты жақынсыз? Жүректі "дір"еткізетіндей сезімді бастан кешірдіңіз бе? Ақынның өмірінде яки шығармашылығында "махаббат"сөзі қаншалықты орын алуы қажет?

— Махаббат басқа, сезім басқа. (Ақын жүрегі жалғыз жапырақтың жер құшқанына да дір етеді.) Махаббат тақырыбы әрбір ақынның жарық етер тақырыбы шығар, бірақ сол тақырып ақынды құрдымға да батыруы мүмкін. "Білім махаббатпен араласып кетсе біреудің басын алып тынады" дейді әлдебір жазушы.

Сұхбаттасқан: Перизат САБЫР,  
1-курс студенті

Қайсар БАУЫРЖАНҰЛЫ:

## КЕЗ-КЕЛГЕН АҚЫН ЖЫР ЖАЗА АЛАДЫ

Мағжан Жұмабаевтың рухына арналған облыстық мүшайрадан 3-орын иеленген Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті Қайсар Бауыржанұлы.

бір туындыны өмірге әкелгенде қандай күйді бастан кешіресіз?

— Қазіргі заманымыздағы классик ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы бір өлеңінде былай дейді ғой «Мен өлең жазып отырғанымда Құдайдың қолындағы жасындаймын» міне осындай әртүрлі күйлер кешемін. Өлең жазып, шабытым шарқ ұрып отырғандағы сәт мен үшін алтынға бергісіз асыл уақыт, ол-тәңірдің сыйы.

— Осы уақытқа дейін ақындық жолдың қанша белесін бағындырдыңыз?

— Осы уақытқа дейін жетерлік өлең жазып, біраз белесті бағындырдым деп ауыз толтырып айта алмаймын. Ұзағында екі-үш жыр мүшайрасын жеңіп алған шығармын, бұл ақындық белесті бағындыруға жата қоймас.

— Махаббат жайлы өлең жолдарын кез-келген адам жаза алады ма? Нәзік сезімді жүрекке жеткізу үшін қандай сезімді бастан кешіру қажет деп ойлайсыз?

— Өз ойымда махаббат жайлы кез-келген адам емес, кез-келген ақын жыр жаза алады. Өйткені, махаббат мәңгі өлмейтін тақырып. Нәзік сезімді жүрекке жеткізу үшін ғашық болу керек.

— Поэзия жолында пір тұтатын тұлғаңыз?

— Поэзия жолында арыдан ұлы Абайды, Мұқағали атамызды, Жүмекен сынды ұлы тұлғаларымызды қазіргі жас ақындардан Бақытжан Алдияр, Ерлан Жүніс ағаларымызды пір тұтамын.

— Сіз шабытты қайдан аласыз?

— Мен шабытты сағыныш пен ауыр мұңнан, ерен шаттықтан аламын.

— Жақын арада өткен ақындар сайысы жайлы мәлімет беріп кетсеңіз? Мүшайра барысы қалай өтті, кімдер төрелік етті, кімдер қатысты?

— Мағжан Жұмабаевтың рухына арналған мүшайрадан үшінші орынды иелендім. Осы жаз айларында өткен болатын. Облыстық көлемде өтті, әділқазылар алқасы белгілі әдебиеттанушы Абай Қалшабек ағамыз болды.

— Өңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан:  
Ақмарал БАТЫРБЕК,  
1-курс студенті



— Қайсар, сіз үшін ақын деген кім?

— Мен үшін ақын деген тәңір сілаған дара шабыт иесі, шабыттың әр түрі бар ғой, әрине, ақындық шабыт өзгеше.

— Сіз өзіңізді сол ақындар қатарына қоса аласыз ба? Ақынмын деп өзіңізді санай аласыз ба?

— Ақынмын деп айта салу оңай-ақ, бірақ ақынның оқырман қауым алдындағы борышы көп, сондықтан ақын болу үшін алдымен азамат болу керек, ақындық үлкен жауапкершілікті қажет ететін өнер. Әрине, санай аламын. Менің өлеңдерімді нағыз ақындардың өлеңіне санамауға болады, бірақ менде ақындық сезім, ақындық шабыт бар.

— Осы уақытқа дейін неше туындыңыз жарық көрді?

— Осы уақытқа дейін жиырмадан астам жырларым жарық көрді.

— Бойыңыздағы бұл дарынның ұшқынын қашан байқадыңыз?

— Өзімде ақындық таланттың барлығын он бір жасыма байқадым.

— Қолыңызғы қалам алып, әлде

Мейір ОРАЗҒАЛИЕВ:

## «МЕН ӨЛЕҢДІ ӨМІРДЕН АЛАМЫН»

Тарбағатай ауданының құрылғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған мүшәйраның жеңімпазы, мұнан бөлек біршама республикалық ақындар мүшәйраларында биіктен көрініп жүрген Филология факультетінің қазақ тілімен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті Мейір Оразғалиев.



— Қайырлы күн Мейір! Қай ақынның болмасын алғаш қолына қалам ұстап, өлең жазуына себепкер болған ақыны болады. Жігіттер қауымы Махамбет, Абай, Мұқағали сынды тұлғаларды үлгі тұтса, нәзік жанды арулар Фариза, Күләш апаларымызға өліктен жыры жазып жатады. Сіздің де поэзия бағытында бір тұтар шайырыңыз бар ма?

— Менің нағашы атам Ақсуаттың ақиық ақыны атанған Замантай Оразаев. Сол кісінің қанға сінген ақындық өнер жолы бойыма дарыды деп өз басым ойлаймын. Ең алғаш тақпақ жазудан бастап, өсе келе «өлең» жаза бастадық. Өзімнің өлең ордасында, әдебиет майданында бір тұтатын, еліктейтін ақындарым өте көп. Осы күнге дейін еліктемеген ақыным қалмаған шығар. Жалпы өз ақындық болмысымды Әмірхан Балқыбек, Маралтай Райымбек, Артығали Ыбыраевтарға ұқсатамын.

Тағы Бақытжан Алдияр, Бибол Жұмағалиұлының өлеңдерін оқу арқылы мына дүниені ақын жүрекпен түсінуді, бұл фәниге «Ақындық» көзқараспен қарау тұрғысында осы ақындардың өлеңдерінен тәлім алып келемін!

— Жеткен жетістігіңізбен алған асуыңыз аз емес. Осы күнгі бағындырған белестеріңізге көңіліңіз тола ма. Сіз үшін «болдым», «толдым» деген шақ қай сәтте келеді деп ойлайсыз.

— Мен он сегіздегі бота тірсек бозбаламын. Өмірдің өкініші мен қуанышын, қайғысы мен қасіретін Қадір ақындардай көрмедім. Енді ғана өлең өлкесіне «біссімләмізді» айтып табалдырығынан аттадық. Тарбағатайдың тауларында торы құнанға жайдақ мініп, қолына қамшысын алып, бәйге шауып жүрген боз бала Түркістан төріне келіп алшаңдап жүр. Тәңірдің берген сыйы — өлең. Ақындар демімен тыныстап, ақындардың демімен айға ұлып жүрген бөлтірік «болдым», «толдым» деген пендешілік ойды ойына да алмауы керек. Ақын үнемі ізденіс үстінде ғұмыр кешеді. Дүниедегі дүрбелеңдер мен мамыражай көктем шұғыласы жүрегінде қосылып жатады. Пендешіліктен көзін тайдырып өлең жазып, дүниенің ләззатын сезінеді.

— Мұқағали ақынның өлең жолдарындағы айтылған нағыз ақын туылды деп ойлайсыз ба? Жалпы бүгінгі поэзия бет бұрысына қандай ой айтасыз.

— Нағыз ақындар әлі туылады. Мұқағали, Төлеген, Жүмекендердің соқпағымен жүретін жас ақындар Хан Тәңірі мен Алтайдың шыңдарындай поэзияға тың серпін, өміршең өлең туын желбірететіні сөзсіз. Ғасырлар мен мыңжылдықтардың тоғысында ақындар мұрасы мәңгілікке сапар шегеді. Қазіргі қазақ поэзиясы жылдам қарқында, жаңашылдықпен, жас ақындардың өмірге деген өзіндік көзқарастарымен, өзіндік қиялы ойлауымен шабыттың шеңберлеріне сымал жатыр.

— Өлең деген тумайды жайшылықта деп жатады, сіз шабытты қайдан аласыз. Сіздің жырларыңыз қалай туындайды?

— Мен өлеңді өмірден аламын. Өмір маған өлең болып көрінеді. Өлеңнің құдіреттілігі сонша, мен өзімді "қиял планетасында" жүргендей елестетемін. "Өмір сүрсін деп жіберген жоқ мені, өлең жазсын деп жіберген шынын да" — деп ақын Еламан Хасен жазғандай, өлең жазсын деп Тәңірдің өзі Ақынын көктен түсіргендей. Мен өлеңді кез келген сәтте ой жетегіне еріп, күйбең тіршіліктің күйе жаққан бет пердесінен шығып, көкке қыран ұшқандай қанатымды сабаалап, арғымақтай тау-тасты таптап өтетін қайратпен, буырқанған бұла шабытпен ақ қағаздың бетіне саумал қымыз сабадан төгілгендей төгіп жіберемін.

— "Тарбағатай тынысы" атты өлеңіңіз де "Өкем қойып кеткен арақ секілді, мен де қойып кетемін-ау өлеңді. Күз түсе" деп жазыпсыз. Көп ақынның шабытының бастау бұлағы күз айының кереметімен ұштасып жатады. Ал сіз күз айында өлең жазудан алшақтайды екенсіз, неліктен?

— Жалпы "күз" маған ұнамайды. Мен күзде өзімді жалғыз жарым жүректен сезінемін. Өзімнің өлеңдерімнің табиғаты алай-дүлей боранға, адуынды тасқындарға ұқсайды. Күздің қоңыр салқын түндерінде шылымды тұтатып, қолыңа қауырсын сапты қаламыңды алып, "Ақынхананың" ішінде ақ өлеңдердің рухы маздап отырғанға не жетсін?! Ақын үшін "күз" айы әруақтармен тілдесетін, жың-шайтанды жырларымен дуалап қуалайтын мезгіл.

— Өте сырлы сұхбат болды. Қаламыңыздың сиясы кеппесін. Дана бабалардың жолын жалғар дара шайыр болыңыз!

Сұхбаттасқан : Ақбота ЕРГЕШБАЙ,  
1-курс студенті

## ШЫНДЫҚ ТІЛІ ӘРДАЙЫМ ҚАРАПАЙЫМ

Әр адамның шындық туралы түсінігі әр түрлі болуы мүмкін. Бірі жақсы қарым-қатынасты сақтап қалу үшін кейде шындықты айтпауға да болады деген пікірді ұстанса, енді бір адам өліп кетсең де, шындықты айт деген оймен жүріп тұрады. Осы орайда ардақты массагеттіктерге осы тақырапта сөйлеген адамзат ойшылдарының кейбір қызықты пікірлерін ұсынамыз.

1. Шындық ашы болса да, адалдыққа бастайды. А.Нұржанқызы
2. Шындықты мойындамай кері кеткен адам тек өзіне зиян келтіреді. Бұдан ақиқаттың бағасы кеміп қалмайды. Галилей.
3. Шындық - ашы болса да денсаулығымызға оң әсерін тигізетін дәрі іспетті. Оноре де Бальзак.
4. Естігің келген нәрсені ғана естіп, көргің келген нәрсені ғана көріп өмір сүру шылым шегіп алып, мас болып сүрілген өмірге ұқсайды. Хун Цзычен.
5. Шындық асыл тас секілді. Оны көркемдеп, күш салмасақ та, жарқырап, жайнап тұрады. Бірақ оны жұрттың көзіне көрінетін, ашық жерге қоя білу асыл тасты тағу секілді үлкен өнер. Д.Сантаяна.
